

Педагогтердің лауазымдарына орналасуға конкурстық комиссиясының №13 отырыс хаттамасы

Абай облысы білім басқармасы
«М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

Семей қаласы

«08» қараша 2023 жыл.

Қатысқандар: Комиссия төрағасы, комиссия мүшелері, бос лауазымға үміткер оқытушылар мен комиссия хатшысы.

Қатыспағандар: 0 (байланысқа шықпауына байланысты)

Күн тәртібі:

1. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасуға құжаттар қабылдау мерзімі: 2023 жылдың 01-07 қараша аралығын қамтыды.

Тыңдалды: Комиссия хатшысы А.Т.Толегенова комиссия мүшелерін М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжіндегі бос лауазымдармен таныстырды: 1. Дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы (қазақ тілді) – 1 жүктеме, 2. Информатика пәнінің оқытушысы (қазақ және орыс тілді) -1 жүктеме, 3. Алғашқы әскери дайындық ұйымдастырушысы – 1 жүктеме, 4. Тарих пәнінің оқытушысы – 1 жүктеме, 5. Педагог-психолог – 1 жүктеме. Хатшы А.Т.Толегенова комиссия мүшелерін конкурсты өткізу ережелерімен таныстырып өтті. Педагогтердің бос лауазымдарына орналасу конкурсына жалпы 6 оқытушы шақырылды, соның ішінде 6 оқытушы келді.

Колледж директоры Ш.А.Жанаева колледжде ұсынылып отырған бос лауазымдар бойынша ақпарат беріп өтті. Педагогтердің жұмыс уақыты мен еңбек тәртібі бойынша да сөз қозғалды. Колледждің ішкі тәртіп ережесімен таныстырды. Оқу орнында Әдеп кодексі сақталатындығы туралы айтылды.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.К. Боленбаева педагогтердің біліктілік санаттары мен жетістіктеріне басты назар аударылатындығын атап кетті. Биылғы оқу жылынан бастап колледжге жаңадан қабылданатын оқытушылардың ҰБТ тапсырулары міндетті екендігін айтты. Сабақтың процесі туралы да сөз қозғалды.

«Дене тәрбиесі және спорт» ПӘК төрайымы-Б.Т. Кабаева дене тәрбиесі пәнінің оқытушысы бос лауазымына келген конкурсантпен дене тәрбиесі және спорт саласы туралы әңгімелесу жүргізді.

Бөлім меңгеруші А.Б. Сентаева информатика пәнінің оқытушысы бос лауазымына келген конкурсанттардан информатика сабағында қолданылатын қандай программа, платформаларын білетіндігін сұрады.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.К.Нурланова - колледж студенттерін әлеуметтендіру бойынша да көптеген жұмыстар жүргізілетіндігі аталып кетті. Колледждегі ата-ана қамқорлығынсыз қалған, понтранаттағы студенттердің бар екендігі, әр студентпен жеке жұмыс жүргізу керек екендігін айтты.

Сондай-ақ, комиссия мүшелері үміткерлердің ұсынылған құжаттарын зерттегеннен кейін кандидаттардың кәсіби қасиеттерін бағалау үшін әңгімелесу өткізді.

